

## МУЗЫКАТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Құсайын Әсемай Ғалымжанқызы

[asemaikusaynova0425@gmail.com](mailto:asemaikusaynova0425@gmail.com)

«Халық аспаптар» Білім бағдарламасының 1-курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, ө.ғ.к. Б.Ж. Тұрмағамбетова

Бүгінде ірі қоғам және мәдениет қайреткері, ғалым, композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл толып отыр. Ол қазақтың ұлттық музыка өнерін зерттеп, жинап, өзінің композиторлық шығармашылығымен одан әрі дамытуға үлес қосқан ірі тұлғалардың бірі. Осы мақалада біз тұлғаның ғылыми еңбектері мен зерттеулеріне тоқталамыз. Жазу барысында А.Жұбанов (1906-1968) туралы, оның қазақ мәдениеті мен әдебиетіне зор еңбек сіңірген әдебиетші, музыкатанушы замандастарының, тәлім алған шәкірттерінің естеліктері мен жылы лебіздерін ұсынамыз.

Өнертану докторы, профессор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты - қазақ халқының музыкалық фольклоры, музыка тарихы мен мәдениеті, ауызша дәстүрдегі халықтық-кәсіби композиторларының, яғни әншілер мен күйшілердің шығармашылығын жан-жақты зерттеу болды. Елін сүйген қайраткер еңбекқорлығы мен дарынының арқасында өз халқының музыкасының тарихы мен теориясын зерттеуге үлкен үлес қосты.

Ғалымның ең алғашқы еңбектері Ленинград консерваториясында оқып жүрген кезінде пайда болады. Оның алғашқы аудармасы 1931 жылы «Музыка сауатының әліппесі» деп аталды. Бұл қазақ тілінде 1933 ж. жарық көрген тарихымыздағы музыка теориясының алғашқы аудармасы еді және бұл кітапты әуесқой музыканттарға арнайды. Осы еңбегіне этнограф, музыка зерттеуші А.В.Затаевич оң баға беріп, оны шабыттандырып, оған халық музыкасын жинап, зерттеуіне бағыт береді.

Академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тағы маңызды еңбектерінің бірі ол қазақтың дәулескер күйшісі, күй атасы – Құрманғазы Сағырбайұлы туралы жазған мақалалар мен очерктері еді. Алғашқыда зерттеуші 1936 жылы «Қазақтың халық композиторы – Құрманғазы» атты кітапшасын шығарады. Бұл – ұлттық музыкатану тарихымыздағы Құрманғазытанудағы жасалған ең тұңғыш қадам болатын. Кейін 1942 жылы күй атасы туралы жаңа мәліметтері очерк ретінде «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» атты кітапта жарияланды. Ғалым даңқты күйшіні зерттеу жолында замандас әрі әріптесі, композитор Е.Г.Брусиловскиймен тығыз шығармашылық байланыста болды. Себебі, ол отызыншы жылдары ҚазАКСР халық комиссариатының тапсырмасымен Ленинград Композиторлар одағынан Қазақстанға шығармашылық көмек көрсетуі үшін көмек сұрап арнайы іссапармен барады. Яғни, өз елінің музыка мәдениетін көтеруге атсалысатын бір кәсіби композиторды уақытша болса да жіберуге өтініш жасайды. Сол кезде жас композитор, Ленинград консерваториясының түлегі Е.Г.Брусиловский Қазақстанға келіп, екеуі көптеген ірі жұмыстарды бірлесе атқарып, кездескен қиындықтарды бірге жеңе білді. Қазақстанға келгенде А.Жұбановтың үйін паналаған жас маман тар бөлмеге сыймайтын болғандықтан өз отбасынан бөлініп, Shredder кабинеттік роялдіде ұйықтаған. Бұл жайлы Е.Брусиловский өз естелігінде: *«Рояльда да ұйықтауға болады деп, сірә, ешкім де ойламаған шығар. Менің де ойыма келмеген. Бірақ онда ұйықтауға болатынына көзім жетті. Әлбетте ыңғайсыз, қап-қатты»* – деген [1, Б.29-30].

Кейін Е.Брусиловскийге кабинет берген кезде, осы рояльды апарып берген екен. Осылайша, олардың бірге қызықты, әрі қиындыққа толы жұмыс кезеңдері басталады.

Құрманғазы туралы зерттеу барысында Е.Г.Брусилловский де ұлы күйшіге деген өзінің оң көзқарасын былай дәлелдейді. Ол күйші туралы А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 500 ән мен күйі» жинағынан «баукеспе, ұры» деген сипаттаманы оқып, өз пікірін жазады. *«Затаевичке Құрманғазы жөніндегі, оны баукеспе ұры деген мінездемені осы Бөкейхановтың өзі бергенін алдын ала біле тұрсам да, мен осы мінездеменің растығын тексермек ниетпен, бұл жайында не айта алатынын Махамбеттен сұрап көрдім. Ол не деді? Затаевичтің жазғанын Махамбет толығымен растады. «Құрманғазы жылқы ұрлаған, – деді Мақаң. – Түрмеде отырған. Аттан түскен кезі болмаған. Ұстап алады деп қорыққан. Домбыраны керемет тартқан. Одан өткен домбырашы болмаған. <...> ол түрмеде отырған. Онда домбыраның үні онша шығыңқырамайды, бәсең естіледі, сондықтан да ол домбыраны сабалап, ұрғылап ойнаған». Әңгімесін тәмамдай келе, Махамбетке мен бұдан былай Құрманғазыны баукеспе ұры деп бағаламайтынымды, оның ізгі жанды, білімді әрі асқан домбырашы санайтынымды айттым», – деп айтқан екен [1, Б.52-53].*

Құрманғазының өмірін үлкен құрметпен қадірлеп жүрген, әр күйін алтындай бағалап нотаға түсіріп, оның тарихын зерттеп, ізденіп жүрген А.Жұбанов Құрманғазы *«қазақтың даңғайыр халық күйшісі, демократиялық бағыттағы хас шебер дарынды домбырашылардың бүтін бір мектебінің жетекшісі»* деп жазған болатын [1, 56-б.]. Елуінші жылдары Қазақстан Композиторлар одағының пленумында, ол *«Құрманғазы жаңа зерттеу тұрғысында»* баяндамасымен шықты. Ал 1960 жылы оның Құрманғазы туралы қазақ тілінде жазылған кітабы мен *«Құрманғазы күйлері»* атты жинағы жарық көрді (1961). Сонымен бірге дәл осындай ауқымды жұмыстарының түрткісімен *«Құрманғазы»* радио-операсы жазылды. Өкінішке орай бұл радио-операны аяқтай алмай, өмірден өтеді. Кейіннен осы операны оның тұңғыш қызы, ізбасары, композитор Ғазиза Жұбанова жазып аяқтайды.

1951-1953 жылдары Ахмет Қуанұлының қудаланып, бас амандығы үшін Мәскеуде жүргенде *«Ғасырлар пернесі»* кітабын жазуға кіріседі. Бұл қазақ музыка тарихындағы алғашқы және бірегей, маңызы зор еңбектер ХІХ және ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы әнші, күйшілердің орындаушылық шеберліктері мен шығармашылықтарына арналған. *«Ғасырлар пернесінде»* домбырашы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап, Байсерке, Абыл, қобызшы Ықылас, сыбызғышы Сармалайдың өмірі мен туындылары туралы баяндалған. Ал *«Замана бұлбұлдарында»* арқа әншілік мектебінің өкілдері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Майра, Естай, Әсет, Сыр бойынан сырнаймен әндеткен Нартай, Жетісу мектебінің жарқын өкілі Кенен, Батыс әншілік мектебінің негізін қалаушы Мұхит, ақтөбелік Сарылардың; жиырмамыншы ғасырда өмір кешкен, Парижде ән шырқаған Әміре, дауысы күркіреген Қали, Қосымжан, Темірболат, ән асқары Жүсіпбек, Қуан, әнші-композитор Манарбек, Мұхит ізбасары Ғарифолла, Әли әншілердің өмірнамасын қызықты да жеңіл тілмен жазады. Өнер саңлақтарының әндері мен күйлерін алғаш рет талдап, олардың авторлық қолтаңбалары туралы алғаш рет құнды ғылыми пікір жазады.

Ахмет Жұбановтың бұл еңбектері туралы оның замандасы Борис Ерзакович мынадай пікір айтқан: *«Ахмет Қуанұлы бұл еңбектерін көрегендікпен «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары» деп атаған. Олар шын мәнінде тек бізге, оның замандастарына арналмаған, сонымен қатар келешектегі көптеген ұрпақтар үшін де ерекше маңызды болмақ. Бұл еңбектерінде халық әншілері мен музыканттарының дауыстары мен күй әуендері дәл көз алдында тұрғандай елестейді. Бұл еңбек дарынды халық өнерпаздарының қызметі туралы, олардың қазақ халқының ұлттық мәдениетінің алтын қорына қосқан зол үлесі жайында баяндайды»* – деп (аударған – Қ.Ә), өз пікірін білдірген еді [2, 114-115 с.].

Жоғарыда атап өткеніміздей *«Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы»* 1942 жылы жарыққа шыққанда кітап дүкендерінің сөресінде халық ұзақ тұрғызбай, өте жақсы сұраныста болған. Осы еңбегі үшін авторға 1943 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ Ғылыми Кеңесінің шешімімен диссертация жазбай-ақ өнертану ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін береді. Кеңесте айтылған КСРО Ғылым

Академиясының академигі И.И.Мещаниновтың берген мынадай жоғары бағасын келтіруді жөн көреміз. «...бұл көлемді ғылыми еңбек автордың көп жылдық әрі сан қырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады. Онда композиторлық талант, этнографтың байқағыштығы және тарихты терең білуі айқын көрінеді. Автор қазақ музыкасы мен қазақ композиторлары туралы әдебиеттерге алғашқы толық библиографиялық көрсеткіш жасап, ең ірі шығармаларға шолу береді. Көптеген ән жазбалары алғаш рет осы еңбекте жарияланып отыр. Ол алғаш рет жекелеген әнші-композиторлардың қызметінің маңызын кең әрі дұрыс бағалап, олардың өлкенің мәдени өміріндегі қоғамдық рөлін атап көрсетеді. Сондай-ақ автор жекелеген шығармаларды орындау техникасына және әрбір әнші қолданатын техникалық ерекшеліктерге де жан-жақты тоқталады. Осы негізде А.Қ.Жұбанов Қазақстандағы аспаптық және вокалдық музыканың дамуындағы бірқатар бағыттар мен мектептерді айқындай алды» (аударған – Қ.Ә), – деді [3, 6-7 с.].

Сол секілді әйгілі түрколог, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, С.Е.Малов та өзінің оң пікірін: «П.И.Чайковский, Ф.Шопен немесе Ш.Гуно сияқты композиторлардың музыкалық шығармашылығы туралы монография жазу – бір басқа. Олардың музыкалық шығармалары бірнеше рет басылып, түсіндірмелермен жарық көрген және толық өмірбаяндары мен замандастарының естеліктері де бар. Сондай-ақ олардың хаттары мен басқа да көптеген мәліметтері жарияланған. Ал XIX ғасырдағы қазақ композиторлары туралы осындай еңбек жазу, оны Ахмет Жұбанов жасағандай етіп жазу – өте қиын іс. Өйткені тіпті ноталық жазбалардың өзі де сақталмаған... Біздің авторымыз – А.Қ. Жұбанов осының бәрін өз мүмкіндігінше еңсере білді» (аударған – Қ.Ә), – деп білдірді [3, 7 с.]. Осылайша ғалым ретінде 1943 жылы қазақтың тұңғыш өнертану докторы атанған.

Алайда, осындай жоғары бағаға ие бола тұра, сол кезеңнің саяси салқыны соғып, қазақ зиялыларының да тағдырының тәлкекке ұшарауы тоқтамады. Сталиндік қуғын-сүргіннің қара тізіміне Жұбановтар отбасы да ілікті. 1937 жылы ағасы қазақтың тұңғыш филолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, алғашқы қазақ Академиясын – КСРО ғылым Академиясының филиалын ұйымдастырушылардың бірі, Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін және Қазақстандық кәсіби ғылымның негізін қалаған Құдайберген Қуанұлы «халық жауы» болып тұтқындалып, келер жылы атылып кетеді. Ол парсы, араб, неміс, түрік, моңғол, грузин, чуваш, коми, орыс және көптеген түркі тілдерін өте жақсы білген маман болған. Оның жазықсыз қаралануы Ахметтің өміріне де әсер етеді...

Мәселен, «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» еңбегі партия идеологиясының қызметкерлері тарапынан сынға ұшырады. Кітап кәсіби ортада қатты сынға ұшырады және ол мерзімді баспасөз беттерінде көрініс тауып отырды. Яғни, композитор М.Төлебаевтың «Қазақ музыкатануындағы қате бағыт туралы» атты мақаласы арқылы қараланып, жала жабылды. Кітапта көптеген кемшіліктер болғаны айтылып, олар Қазақстан Композиторлар одағы мен ҚР Ғылым академиясының «Өнертану» секторы ұйымдастырған 1951 жылдың қазан айында өткен талқылауда ашық көрсетілді. Бұл талқылауда А.Жұбановтың еңбегінде Қазақстанның Ресейге ерікті түрде қосылуының прогрессивтік маңызы ескерілмегені, орыс мәдениетінің қазақ музыкасына тигізген оң ықпалы жеткілікті дәрежеде көрсетілмегені атап өтілген болатын. Сонымен қатар, кейбір халыққа қарсы реакциялық қозғалыстарға оң баға берілгені және қоғамдағы феодалдық-байлық құрылымның идеаландырылғаны сынға алынды. Кейін 1951 жылдың желтоқсан айында өткен съезде оның тарихи-этнографиялық және ғылыми-танымдық маңызы бар еңбектерін жоғары бағалай отырып, оның еңбектерінде айтылған сынның орынды болғанын атап өтті. А.Жұбанов ғалым әрі коммунист ретінде мұны өзі де түсініп, осыған байланысты «Қазақ музыкатануы саласындағы менің өрескел қателеіктерім» атты мақаламен шығып, өзіне айтылған сынның әділ екенін мойындады. Алайда бұл кітапта көрсетілген кемшіліктер, ғалымның еңбегін жоққа шығара алмайды. Өйткені бұл еңбек көптеген ізденіс пен ұзақ уақыттық ғылыми жұмыстың нәтижесі [4, с.119].

Елуінші жылдардың басында композитор, зерттеуші «өз қателіктерін» түзетіп, кітаптың жаңа нұсқасын дайындады. Осы уақытта ол аудармашы ретінде де еңбек етіп, Н.А.Римский-Корсаковтың «Менің музыкалық өмірімнің шежіресі» және А.Виноградовтың «Паганинді кінәлау» атты кітаптарын қазақ тіліне аударады. И.Сталиннің өлімінен соң саясат өзгеріп, «жылымық» кезең басталғанда Мәскеуден оралған соң ғылыми, ағарту және ұстаздық жұмысқа көп көңіл бөле бастайды. Ол тек композитор, ғалым ретінде емес қоғам және мәдениет қайраткері ретінде еңбек жолын жалғастырды.

Оның жоғарыда атап көрсеткеніміздей «Музыка әліппесі» (1933) кітапшасы 1964 жылы «Музыкадағы алғашқы адым» деп қайта басылды. Сонымен бірге «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» (1942), «Әндер, романстар, хорлар» (1957), «Струны столетий: очерки о жизни и творческой деятельности казахских народных композиторов» (1958), «Құрманғазы» (1960), «Құрманғазы. (Күйлер жинағы) нотасы, алғысөзі және түсініктемесі А.Жұбановтыкі» (1961), «Замана бұлбұлдары» (1963; 1975), «Мұқан Төлебаев: Очерк» (1963), «Соловьи столетий: монография» (1967), «Ғасырлар пернесі» (1975), «Ән-күй сапары: монография» (1976), «Құрманғазы Сағырбаев: Өмірі мен творчествосы» (1978), «Өскен өнер: (мақалалар мен зерттеулер)» (1985) іргелі-ғылыми зерттеулері бар. Қызы Ғазиза Жұбанованың естелік мақаласында «Менің замандастарым» атты естеліктер жинағы (1986) шығып, аз уақыттың ішінде таралып кеткен.

Әр жылдары мерзімді баспасөз беттерінде қайраткер композитор туралы оның көзкөрген замандастарының мынадай мақалалар мен естеліктер шыққан: Ахмет Жұбановтың жан-жақты дарыны туралы замандастары мен шәкірттері ерекше айтып жүрген. Солардың бірі, зерттеуші ғалым Борис Григорьевич Ерзакович өзінің «Асыл аға» мақаласында: *«Шын мәнінде ол тамаша педагог еді. Оның лекцияларына қатарынан бірнеше курстың студенттері, консерваторияның оқытушылары қатысып отыратын. Ахмет Жұбанов лекция оқыған кезде партаға сыймаған студенттер мен оқытушылар еденге, лектор жанындағы орындықтарға, рояльдің маңайына отыра кететін, қысқасы Ахаңның даусы жететін жер бос болмайтын. Осындай күрделі жағдайдың өзінде Ахмет Қуанұлы үлкен педагогикалық шеберлік таныта білетін»* – деп, оның дәрістерінің жастың да, кәрінің де қызығушылығын оятқанын, ақпараттарының құндыдылығын және педагогикалық қасиетін айрықша атап көрсетеді [2, 112-б.]. Ал Қазақстан халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев А.Жұбановтың мәдениет саласына қосқан зор үлесінің маңыздысы ретінде былай деп жазған: *«А.Жұбановтың ең басты еңбегінің бірі – қазақтың музыка мәдениетіне сан ұрпақ музыканттар, дирижерлер, композиторлар, музыка зерттеуші ғалымдар тәрбиелеп қосқаны»* [5, Б.120-121]. Ахмет Жұбановтың қадір-қасиеті мен кәсібилігі жайлы ақын Хамит Ерғалиев: *«Ахмет Қуанұлы біреуге әсте дауыс көтеріп, қатты айтқан кісі емес. Сынның өзін де сыпайы сөзбен бір қалыпты биязы үнмен жеткізетін. Сөйте тұра жұмыс бабында қарауындағы адамдардан темірдей тәртіпті талап еткен. Ахаңның істес, өзімен түйдей құрдас досы, әйгілі композитор Латиф Хамиди бір орайда оркестрдің дирижері болған екен. Оркестранттар оған еркінсіп, репетиция кезінде саздың бір-бірімен астасар жүйесін бұза беріпті. Сонда Латекең оларды кілт тоқтатып қойып; «Кәне, - депті, бұл күйді жөндеп тартамыз ба, жоқ әлде Ахаңа барамыз ба? – дегенде сілтідей тына қалған күйшілер ізінше әлгі күйді бабына келтіре тартып кеткен екен»* – деп, жазып кеткен» [4, 105-б.].

Тұжырымдай айтқанда, Ахмет Қуанұлы Жұбанов – музыка саласының барлық дерлік бағыттарында әрдайым алғашқы адам болды. Ол музыка теориясын қазақ тіліне аударуда, күй-атасы Құрманғазыны зерттеуде, қазақ өнері тарихы туралы кітап жазуда, кәсіби музыкалық білім беру ісін дамытуда тұңғыш тұлға еді. Қазақтың ұлттық музыкатану ғылымына өз үлесін қосқан ғалым, композитор және дирижер ретінде қазақ мәдениет тарихында ерекше орын алады. Ғалымның еңбектері арқылы қазақ халқының ән-күй мұрасы толықтырылып, ғылыми маңыздылығы арта түсіп, жан-жақты талданды. Сонымен қатар, ол ұлттық музыка өнерін тек зерттеп қоймай, келешек музыканттарға, музыка зерттеушілеріне бағыт-бағдар беріп кетті. Яғни, А.Жұбановтың ғылыми мұрасы әрқашан

ұлт өнерінде өз маңызын жоғалтпай, халыққа қызмет ететін құнды рухани қазына болып табылады. Бүгінгі таңда ғалым өмірден өтсе де, оның артынан қалған мұрасы, еңбектері қазақ музыка өнерінің дамуына өз ықпалын тигізуін тоқтатпайды.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Брусилловский Е.Г. Дүйім дүлдүлдер: естеліктер / Е.Г.Брусилловский; орыс т. ауд. Сапар Байжанов. – Алматы: Өлке, 2021. – 352 б.
2. Ерзакович Б. Композитор, ученый, педагог //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б.113-115.
3. Ахмет Жубанов в годы апогея сталинской политической репрессии /под. ред. Ж.К. Таймагамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 210 с.
4. Гизатов Б. Академик Ахмет Жубанов. – Алматы: Жазушы, 1972. – 268 с.
5. Кекілбаев Ә. Шын сүйері халықтың (А.Жұбанов 60 жаста) //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б.118-121.